



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 6 тамыз

2018 жылғы 27 шілдеден 3 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

2018 жылғы 3 тамыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 1%-ға әлсіреп (346,15-тен), 349,76 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 27 шілдеден 3 тамыз аралығында маңызды оқиғалар Президент Д.Трампының әкімшілігі құны 200 млрд АҚШ доллары болатын қытай тауарларының импортына баждарды 10%-дан 25%-ға дейін ықтимал ұлғайтуы туралы мәлімдемесі, жұмыссыздық және АҚШ-тың ауыл шаруашылыққа жатпайтын секторындағы жұмыс орындарының саны бойынша деректерді жариялау, экономиканың жағдайы туралы позитивті түсініктемелер жағдайында АҚШ ФРЖ-нің ағымдағы мөлшерлемелерді сақтауы, Англия Банкінің негізгі мөлшерлемені 0,75%-ға дейін көтеруі туралы шешімі, Жапония Банкінің ұзақ мерзімді мөлшерлемелерді белгілеуде барынша икемділікті ұстануы болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының әлемдік нарықтарда біршама нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Түрік лирасы** АҚШ-тың Қаржымині екі түрік министріне қатысты санкциялар енгізгеннен кейін бір апта ішінде рекордтық 4,7%-ға дейін (4,85-тен 5,08-ға дейін) әлсіреуін жалғастырды. Бұл ретте Түрік билігі оған жауап беру шараларын енгізуге уәде берді, ол екі ел арасындағы қарым-қатынастардың ушығуына әкелуі мүмкін.

- **Ресей рублі** Ресейге қарсы жаңа санкциялар енгізу қауіпі аясында 2,6%-ға (62,71-ден 64,31-ге дейін) әлсіреді. «Америкалық қауіпсіздікті Кремль агрессиясынан қорғау» заң жобасы АҚШ-тың Конгрессіне қарауға енгізілді;

- **Оңтүстік Африка рэнді** Африканың басқарушы ұлттық конгресі парламентке түзету енгізетіні жөнінде мәлімдеменің аясында 1,1%-ға (13,17-ден 13,32-ге дейін) әлсіреді, оған сәйкес фермерлердің жерлері өтемақысыз тәркіленетін болады;

- **Индонезия рупиясы** 0,6%-ға (14 417-ден 14 498-ге дейін) біраз әлсіреді;


- **Бразилия реалы** бір апта ішінде айтарлықтай өзгеріс көрсеткен жоқ және бір АҚШ доллары үшін 3,71 реал деңгейінде саудаланды;

- **Үндістан рупиясы** 0,1%-ға (68,66-ден 68,62-ге дейін) нығайды;

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Мексика песосы** Мексиканың Орталық банкі негізгі мөлшерлемені бұрынғы деңгейде сақтау туралы шешімі және инфляцияның өсуі уақытша сипатта екені жөніндегі түсініктемелері аясында 0,4%-ға (18,63-тен 18,56-ға дейін) нығайды.



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz